

егемен Қазақстан

**«Әділдік пен тазалыққа жүргенім мені қиянаттап, жазықсыз
қаралаудан аулақ етті»
(Кәкімбек Салықов айтқан сыр)**



Луде біреуі болмаса кез келген ақынның қайраткер болуы екіталай. Табиғаттың, Жаратқан Иенің текпен, қанмен берген қасиеті шығар, Кәкімбек ағамызда осы қарым-қабілеттің екеуі де бар еді.

Ақын Кәкімбек Салықовтың жазған өлең-жырлары, шығарған елуге жуық жыр жинақтары мен жасаған он шақты аударма кітаптары өз алдына бір төбе. Ол мемлекет пен партия қайраткері ретінде Жезқазған қалалық, облыстық партия комитеттерінің бірінші және екінші хатшысы, КОКП Орталық Комитетінің инспекторы, Қарақалпақ обкомының бірінші хатшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесі Экология комитетінің төрағасы секілді лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды.

Кәкімбек ағаның есіміне осылай сырттай қанық болсам да кездесіп, сөйлесіп көрмеген кісім еді. Жақынырақ танысуым кешегі 90-шы жылдардың аяғында болды. 1999 жылдың қаңтарында ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдық мерейтойы келе жатты да біз соған орай «Зерде» журналының бір нөмірін арнап шығаруды жоспарладық. Ол кезде Кәкімбек Салықов Халықаралық Қаныш Сәтбаев қорын басқаратын. Білетіндер Қанышқа қатысты көптеген деректер мен материалдар сол қордан табылады десті. Сондайлардың жөн сілтеуімен Кәкімбек ағамызға барып жолықтық. Сөйтіп, республикалық ғылыми-танымдық «Зерде» журналының 1999 жылғы №1 саны түгелдей академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ғасырлық мерейтойына арнап шығарылды.

Аз-кем уақыттың ішінде арамызда қалыптасқан жарасымды сыйластықты пайдаланып:

– Көкейімізде сіздің кезінде атқарған лауазымды қызметтеріңізге қатысты сұрақтарымыз бар еді. Мүмкін болса сол тақырып жөнінде әңгімелесек деп ек? – дедім сәл қысылғандай болып.

– Сұрақтарың тым қиын және күрделі болмаса жауап беріп көрейін, – деді ағамыз сөздің аяғын эзілге бұрып.

Мен кейіпкерімнің көңілін жібітіп, тынысын ашу үшін әдейі әңгімені әріден бастадым ...

– Осы сіз, аға, қалай әрі ақын әрі тау-кен инженері болып жүрсіз?

– Біз өзі көркем табиғатпен етене өскен, әсершіл де сезімтал халықпыз ғой. Бала жасымыздан ән-жырға, өлең-киссаларға құмар болып өстік.

Тоғыз, он жасымда ауызекі өлең құрастырып жүрдім. Дұрыстап жаза бастағаным 16-17 жастар шамасында. 1949 жылы «Қазақстан пионерінде» бір өлеңім жарық көрді. Тоғызыншы, оныншы сыныптардағы әдебиет сабағынан болатын шығарманы өлеңмен жаздым.

Осылай кете бергенде орта мектептен кейін тура Алматыға тартып, бір жоғары оқу орнының әдебиет мамандығына түсіп оқыр ма едім, кім білсін. Әкеміздің ағасы, халық ақыны Молдахмет Тырбиев 1942 жылдан айтысқа түсіп жүрген кездерінде Жамбылмен кездескенін қандай жыр етсе, Қаныш Сәтбаевтың үйінде болып, бір топ ақындар ғалымға таңғалғанын айтқанда, жас бала біздердің басымызды сан алуан арман-қиял билеп алатын. Молдекең менің агроном да, мұғалім де болғанымды қаламады. Ал ақын болатын оқуға барамын десем: «Ой, оқымай-ақ ақын болып жүрміз ғой, болыс та болғанмын, онда да өлеңді тоқтатпадым, ақын боламын деп бес жылды далаға кетірме», – дейтін. Ақыры:

«Мәскеудегі Түсті металдар институтына түсіп, өзіңіз айтқан Қаныш Сәтбаевтың жолын қуамын» дегенімде қатты қуанды. Оқуды бітіргенде алған күміс медаліме жүз сом байғазы беріп: «Осыны Мәскеуге барар жолыңа жұмса», деді. Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтына оқуға түсіп, оны 1955 жылы ойдағыдай аяқтап, кенинженері болып шықтым. Бірақ, қайда жүрсем де ақындықтан қол үзбедім. Аудармамен де айналысатынымын. Екінші курстан кейін өндірістік тәжірибемен Оралдағы бірқатар кен орындарында болып, қорытынды есеп жазып әкелгенімде профессор И.П.Каплунның:

«Инженер» емес, Чехов болайын деп тұр екенсің», – деп әзілдегені бар. Қалың орман мен көркем таулары біздің Көкшетауға ұқсас жердегі бір шахтаны сипаттап жазғанымды оқып профессор: «Жарайды, Чехов та жаман кісі емес, бес қояйын, бірақ, келесі жолы техника тілімен жазғайсың», – деген.

– Әрі қарай өмір жолыңыз қалай өрілді? Институт бітіріп, тау-кен инженері болғанның бәрі үлкен жетістіктерге жете берген жоқ қой.

– Оқу бітіріп келгеннен кейін еңбек жолымды Жезқазғандағы №51 шахтада кен мастері болып бастадым. Әрі қарай учаске бастығы, №44 шахтада бас инженердің орынбасары, «Покро-15» шахтасында бас инженер, шахта бастығы қызметтерін атқардым.

Біз алғашқы жылдары көбінесе сотталып, ГУЛАГ-тың түрмесінде жүргендермен жұмыс істедік. Олардың көбі сталиндік саяси қуғынның қасіретін шегіп жүргендер еді. Қаншалықты ызалы, ашынған адамдар болғанымен, олар дұрыс басшыға мойын сұнып, жұмысқа нұсқан келтірмейтін. Ондағы басты шарт – еңбектерін адал есептеп, ақысын дұрыс төлеу еді. Мейлінше адал, әділ болуға тырысқандықтан ба, ол жердегі жұмысым әрдайым жемісті болды.

Алты жыл шахта басқарған жылдарым жемісті де жеңісті қуаныштарға жеткізді. Біздің шахта ең ірі шахта болғандықтан, астымдағы көлігім де, тұратын үйім де ыңғайлы болды. Соның арқасы шығар, сырттан келетін қонақтарды бастықтар біздің шахтаға әкелетін және пайдалы жиындарынан қалдырмайтын.

Қаныш ағамыз 1961 жылы Жезқазғанға Ғылым академиясының көшпелі мәжілісін өткізуге келгенде сөзінің басында мені де атап өтті, ол кісімен дәмдес те болдым. Ғұлама ғалымның көңіл күйінің сан түрлі құбылыстарынан, кең мінезді кеменгерлігінен ғибрат алдым.

Қанекенді көргеннен кейін адамның ең үлкен байлығы – мінез екенін түсіндім. Қанекеннің «Бүркітбайды» шырқап салған қаз дауысты қоңыр әнінен де кереметтей әсер алдым. Сол әсер әлі де есімнен кетпейді. Мен Қанекеннен артық билейтін жігітті әлі күнге дейін кездестірген емеспін. Оған ол кісінің еңселі бойы, ерекше жаратылған тамаша келбеті мен өзгеден өзгеше мәдениеттілігі де ықпал еткен шығар. Қаныш ағамыз оқымысты ғұламалығымен де, көз тоярлық тұлғасымен де артықша жаратылған адам еді.

Қанекенді көргенде бала күнгі арманым орындалды. Бір жиында домбыра іздегенде менің домбырамды алдырдық. Домбырам ұнады, ән салғызбақшы болды, мен ұялып, келіспедім. Сонда ол кісі: «Сұлу саз адам баласының қам көңілін қалпына келтіреді, ал ән салу өжеттікке үйретеді, ұялып отырсың ғой «батырым», мен-ақ айтайын», – деп бірнеше ән шырқады. Ол қызықмезеттер бір-бір жекеше әңгімеге лайық...

– Өндірістен партиялық жұмысқа қалай ауысып жүрсіз? Бұған біреулердің тікелей ықпалы болды ма?

– Шахта басқарып жүрген 1963 жылы Жезқазған кен-металлургия комбинаты парткомының хатшылығына ұсынбақшы болды. Ол кезде Хрущевтың шығарған нұсқауы бойынша ол орында екі жылдан артық ұстамайтын. Мен әртүрлі оймен бұл ұсыныстан бас тарттым. Сол сол-ақ екен, қалалық партия басшылары мені сынап, шеней бастады. Жұмысымнан кемшілік таппаған соң, партиялық тәртіпке бағынбады деген мәселені көлденең тарта берді. Сөйтіп, 1965 жылы қайта шақырғанда амалсыз келісім бердім. Сол екі арада Хрущев кетіп, оның орнына Брежнев келді. Бұл жұмысты мен төрт жылдан астам уақыт атқарып, қалалық партия комитетінің бірінші хатшылығына жоғарылатылдым. 1973 жылы Жезқазған облысы құрылғанда облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайландым. Парткомның хатшылығына ұсынылғанда тұңғыш рет Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауында болдым. Димекең өзі оқыған институтты бітіргеніме елең етіп, біраз әңгімелесті. Баяғы өзіне сабақ берген қарт профессорларды есіне түсірді. Бәрін де ұмытпапты. Димекең маған қарапайымдылығымен, керемет есте сақтау қабілетімен үлкен әсер қалдырды.

– Өзге ұлтты билікке жолата бермейтін Мәскеу сізді қалайша Жезқазған облыстық партия комитетінің екінші хатшылығынан Орталық комитеттің аппаратына алып кетті? Мұнда қандай да бір мақсат-есеп болған шығар?

– Бұған әртүрлі жағдайлар себеп болған болса керек.

Жезқазған облысын құрған кезде жан аямай жұмыс істедім. Қаланың бұрынғы басшысы болғандықтан, көп ауыртпалық маған түсті, дегенмен, бүкіл мекемелерді он күннің ішінде дұрыстап орналастырып бердім. Бір жылға жетпей көшіп келген қызметкерлер пәтер алып, толық жайғасты.

Жезқазған облысы құрылардың алдында бізді Алматыдан кейін Мәскеу қабылдады. Онда Л.И.Брежневтің қабылдауын тосып, екі-үш күн қарайлап қалдық, әйткенмен Бас хатшы бізді сенбі күні қабылдады.

Үстелде дайындап қойған біздің жеке басымызды сипаттайтын папкіде іс қағаздары бар еді. Бас хатшы әңгімесін жалғап, темекісін будақтатып отырып, алдындағы қағаздарды шатастырып алыпты. Сөйтіп, ол кісінің алдына алдымен менің іс қағаздарым ілігіпті. Кідірместен оқи бастады: «О, дұрыс, кен мастерінен бастап, Жезқазған сияқты түсті металлургияның Магниткасында қаланы басқарған кадрды бірінші хатшылыққа ұсынғандарың жақсы екен, біздің Димаш ақылды кісі-ау, өте дұрыс», – деп мені тұрғызып көрді. Қалың қара шашымның маңдайымнан тараған бір бума ағы болатын.

«Жас та болсаң шашың ағара бастапты, ол ақылдан ағарып отыр», – деді. Бәріміз аузымызға су толтырғандай үнсіз қалдық. Бізді ертіп кірген Орталық Комитеттің хатшысы Иван Васильевич Капитонов пен Қазақстан Орталық Комитетінің сол кездегі екінші хатшысы Валентин Карпович Месяц болатын. Капитонов еппен ғана тұрып: «Ғафу етіңіз, Леонид Ильич, мен қағаздарды шатастырып қойыппын, бірінші хатшылыққа мына кісіні ұсынып отырмыз», – деп К.С.Лосевті көрсетті. «Сен, Капитонов, үнемі шатастырып жүресің, бірақ мен шатаспаймын, бұл кісіні де көрейік», – деп Лосевтің қағазын оқи бастады. «О, колхоз, совхоздарға қаладан апарып, «отыз мыңдық» деп Хрущевтың тудырған жасанды кадрды ғой. Совхоздың директоры, халық бақылаушысы тағы»..., – деп Лосевқа қарап: «Қалай келісім бердің, бұл саған астық дайындайтын Солтүстік Қазақстан емес, басқа жер, түсті металл ғой», – деп ұнатпаған сынай танытты.

Константин Семенович Лосев жалпы ақылды, зиялы азамат болса да көзге қораштау көрінетін. «Жоқ, бұл дұрыс емес, әлгі жігітті ұсынған дұрыс», – деп Брежнев қайта қиқайды. Сол кезде өжет те өткірлеу В.К.Месяц тұрып: «Леонид Ильич, кешірім етіңіз, Лосев жолдас бірнеше жыл екінші хатшы болған мол тәжірибесі бар кісі, ал Салықов жолдас әзірше екінші хатшы болып көмектесер деп едік. Біз Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің Бюросында қарадық, Димаш Ахметович сізге көп-көп сәлем айтты, қолдауыңызды сұрайды», – деді.

Л.И.Брежнев бір ыңыранып: «О, сен Саяси Бюроның мүшесінің шешімі бар деп мені қорқытпақшысың ғой, өйтіп, күшке салма, менде де келесі съезге дейін біраз күш барын ұмытпа», – деді. Сонда В.К.Месяц: «Леонид Ильич, Салықов бір-екі жыл көмектессін, содан кейін бұл кісіні де жоғарылатамыз, республика үлкен ғой», – деді. Бас хатшы сол кезде ептеп сынықсып, райынан қайта бастап, орнынан тұрып, менің қасыма келіп, арқамнан құшақтағандай болып: «Не де болса осыларға сенейікші, екі жылдан кейін өсірмесе, «ВЧ» деген телефонның болады, соны ал да өзіме хабарлас, келісім осы», – деп тоқтады. Әрине, Капитонов өзіне түртіп алып жатты. Осы жағдайдың да маған себі болды-ау деймін.

Мәскеуге аттанардың алдында бір облыста сапарда жүрген Д. А. Қонаев тауып алып сөйлесті. «Сізді Орталық Комитет шақырып жатыр, М. А. Суслов маған айтты, түбі жаман болмас, беттерін қайтарма», – деді. Мен рахмет айттым. Солай Орталық Комитеттің инспекторы қызметкеріне айналдым. Сөйтіп, мәскеулік болып кете бардым.

– Мәскеуде ұзақ отырып қалдыңыз. Оған әлдеқандай жағдайлар себеп болды ма?

– Есепсіз себеп жоқ қой. Тоғыз жылдан астам отырғаным рас. Бірақ, мен төрт жылдан кейін Алматыға тойға келгенімде, ол кезде Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болатынымын, Димекеңе сәлем беріп, тойдан кейін кездесуге сұрандым. Ол кісі өте сыпайы қарсы алып, ақыры той өткен күннің ертеңіне қабылдады. Елден кеткелі төрт жылдан асып кетті, қырық үш жасымда барып едім, міне, елу де таяп қалды, елге оралайын, Димеке, деп өтініш айттым. Димекең төмен қарап: «Иә, төрт жыл, төрт жыл, – деп отырды да: «Жарайды, елге қайтаруды қолға аламын», деген сөзін берді. Екі жылдан кейін тағы сондай бір тойдан кейін жолықтым. «Өте дұрыс, енді созбаймын», деді. Бірақ, ол сөздер орындалмады. Тоғыз жылдың ішінде Мәскеудегі бастықтарым да еліңе оралатын болдың деп, бір-екі облысты атаған болатын. Үшінші рет сөйлескенде И.В.Капитоновқа: «Қашан Саяси Бюроға апарғанша маған айтпаңызшы, мен қызмет сұрап жүрген жоқпын ғой, егер керексіз болсам, Жезқазғанға барып, баяғы шахтамды басқарамын», – деп реніш білдірдім. Ол кісі: «Оныңыз рас, ұсыныстар да болды, білесіз, Димаш Ахметұлы осы арада келісім береді де, артынан еліне барғанда «ойбай Бюродан өткізе алмадым» деп хабарлайды, тап осы жолы өтесіз», – деді. Ол жолы да «Бюрода өткізе алмапты». Содан кейін көңілім суыды да, Қарақалпақстанды, енді Капитонов емес, Лигачев ұсынғанда келісім бердім. Соның алдында бір тапсырмамен Өзбекстанға – Қарақалпақстанға жіберіп алған болатын. Үштің бірі қазақ, бірі өзбек, бірі қарақалпақ болған соң мен қарсы бола қойған жоқпын.

– **Орталық Комитет аппаратындағы көп жылғы қызметтен қандай тағылымсабақ алдым деп ойлайсыз? Ондай үлкен қаланың сізге рухани ықпалы да болған шығар?**

– Орталық Комитеттің инспекторлары төрт-бестен аспайтын, оларды тек Орталық Комитеттің хатшысы басқаратын. Маған өндіріс және транспорт мәселелері мен үлкен кадрларға түсетін арыздарды тексеру және елдегі тәртіп мәселелері жүктелді. Сондықтан мен елдің жағдайы, ішкі іркілістер мен дағдарыстар туралы мұқият біліп отырдым.

Орталық Комитетте істеп жүргенде қай жағынан болса да, жеке басымның дайындығы ешкімнен кем болған жоқ. Күрделі істердің кейде арасында, кейде басында жүрдім. Инспекторлық жұмыс адалдыққа, тазалыққа, туралыққа үйретті. Жалпы, қызметтес болған жігіттердің бәрімен де достасып кеттім, әлі де байланысып тұрамыз. Ізеттілік пен сыйластықты үйренген шығармын. Бірақ, елді қатты сағынып жүргенде, әйтеуір, өлең жарық тық серік болды, өлеңнен қол үзген жоқпын, жинақтарым да жарық көріп тұрды. Газет-журналдарда өлеңдерім жиі басылып жүрді.

Ой толғанысы ақылмен астасып жатады, әсіресе, осындай шындыққа жүгінсек, осының бәрі рухани азық. Мәскеудің де азаматтық, әлеуметтік, әсіресе, мәдениет саласына бергені аз емес. Әсіресе, театрлары мен музейлері көп әсер еткені анық. Пушкинді, Маяковскийді көп оқыдым, ол бұл заңғайыр ақындардың өлеңдерін қазақшаға тәржімелеуіме керек болды. Мәскеу – тоқсан өнердің тоғысқан жері еді ғой, қолдың тиюіне қарай барын базарлауға тырыстым. Жалпы, мәскеуліктердің қазақстандықтарға деген ықыласы сүйсінерліктей еді. Менің институтта бірге оқыған бір жылдық төлдер болған достарымның елуден артығы Мәскеуде тұрды, олардың да қайғысы мен қызығына ортақтас болдым.

– **Орталық Комитеттің инспекторы болып жүрген кезіңізде партияның жергілікті республика, облыс көлеміндегі басшылары тарапынан жасалған заңсыздықтар, үлкен қылмысты істерді тексеруге қатыстыңыз ба?**

– Әрине, инспектордың бар жұмысының бір үлкен тармағы да осы мәселе. Қазір оларды тізбектеп жатудың қажеті болмас. Қазақстандағы осындай істерді тексеруден мұқият бас тарттым. Бір жақсылығы, біздің ел бұл жөнінде өзгелерден тазалау болды, ал Колбиннің кезіндегі кейбір асыра сілтеулер әділ бағасын алды ғой. Басқа аймақтарда, көбінесе Ресей жерінде өлкелер мен облыстардағы заңсыздықтарды тексеруге қатысқаным рас. Нақтылы фактілер болмаса, бүркеншік атпен жазылған сырттай ғайбаттауларды тексере бермейтінбіз.

Ал ашық, ашына жазылған арыз-шағым дардың жөні бөлек. Әлі күнге дейін есімде: Мәскеудегі біраз қиянатты қатты шеккен арыз иелерінің шындыққа жеткенде айтқан алғыстарын да алдым. Аппаратта істейтін Алаев деген қызметкерді арызы бойынша Орталық Комитеттің бұрынғы Іс басқармасының бастығы, Еңбек Ері атанған Павловтың сұрқия әрекеттерін ашу бізге де оңайға түскен жоқ. Әйгілі «Краснодар ісі» – Медунов мәселесі ел-жұртқа белгілі оқиға. Ол жер паракорлықтың жүйелі түрдегі астанасы болып кеткен екен, соған көзім жетті. «Әділдік пен тазалыққа жүргенім мені қиянаттап, жазықсыз қаралаудан аулақ етті», қатты жаным ашыған, аяушылық білдірген кездерім де аз болған жоқ, ол – жалпы жүйенің кей кемшіліктерін түсінгенім шығар. Қандай тексеріске қатынассам да әділ болуға, адал болуға тырыстым.

– Қарақалпақ автономиялы республикасына бірінші басшы болып қалай барып жүрсіз? Оған тікелей кім себеп болды деп ойлайсыз? Әлде Кремльдегілер біздің туыстас халық екенімізді ескерді ме?

– Бұл сұраққа жоғарыда жауап беріп өткен секілдімін. Сонда да болса бір-екі деректі айта кетейін. Орталық Комитетте қырық жыл істеген Павел Васильевич Симонов дейтін кісі болды. Осы қарттың менен жиырма жастай үлкендігі де бар еді. Онымен ара қатынасымыздың жақсы екенін қызметтес жігіттер білетін. Ол Орал облыстарының секторын басқарды. Бір күні есік алдындағы Фили паркіне немеремді ертіп шықсам, П.В.Симонов кездесе кетті. Немерем Арман ол кісіні «Симонов-ата» дейтін. Өзі де балажан адам еді. Арманға қарап: «Сенің Кәкімбек атаң жуырда Мәскеуден көшіп кетеді, сен де бірге кетесің бе?» – деді. Немерем: «Мамам мен папамды тастамаса мен де бірге кетемін», – деп жауап берді. Мен сол арада «Жас балаға нені айтып отырсыз, басқа әңгімеңіз жоқ па, Павел Васильевич», деп реніш білдіріп едім, ол: «Кететінің анық, бастықтар сенен ұялып жүр, Қазақстан жолатар емес, сіздің кадр болсын, Орынборға жіберейік», – деді. «Мен бұл ақынжанды өжет жігіт ертең бұрынғы астанасын Қазақстанға қосып алып жүрмесін», – дегенімде бәрі қатты күлді де, сен туралы көп сұрады. Жолдассың ғой, білгенімді айтып отырмын», – деп тоқтады. Аздан соң: «Саған бір ұсыныс болады, қорықпай бара бер, мен де Еврей автономиясын басқарғанмын. Татарстанда, Башқұртстанда обкомның хатшысы болғанмын», – деп өзінің Мәскеуге төртінші рет көшіп келіп тұрғанын айтты.

Мен ол кісінің сөзіне сендім. Аздан соң ұсыныс та болды. Кімнің ұсынысымен болған шаруа екенін білмеймін, тек М. С. Горбачев қабылдағанда «К.У.Черненко сырқаттанып жатыр, сізбен сөйлесуді ол кісімен келістім, жуырда Өзбекстанда сапарда болған екенсіз, И.Б.Усманходжаев Қарақалпақстанға сұрап отыр», – деді. Оған қоса, өзімді ертіп кірген тікелей бастығым Е. К. Лигачев та: «Қазақтары көп, қарақалпақ тілін де біледі екенсіз, бәрін ойластырдық», – деп қосып қойды. Содан соң екеулеп Усманходжаевты мақтады. Ақыры Горбачев: «Барып, көмектесіп қайтыңыз, сізді осындағылар жақсы айтады, өзімізге де керексіз, қайтып ораламын десеңіз есігіміз ашық», – деп сөзін шегеледі. Мен тәуекелге бел байлап, келісімімді бердім. «Елге де бір табан жақын ғой, қайтып Мәскеуге келмеспін, жігіттер бірдеңе берер», деп те ойладым.

– Ол жерге барғанда жұмысты неден бастадыңыз? Ең алдымен қандай мәселелерді қолға алдыңыз?

– Елдегі қызметтен де, Орталық Комитеттен де алған біраз тәжірибем бар ғой, ең алдымен жалпы жағдаймен етене танысуды жөн көрдім. Ол кезде «қосып жазу», «мақта ісі» деген мәселелермен одақтық прокуратура айналысып жатыр екен. Олар көптеген облыстарға қырғидай тиді, біраз үлкен бастықтарды тұтқындап та жатыр деп естідім. Сондықтан алдымен істің мән-жайын біліп алайын деп, бұрынғы әріптесімнің шоферлеріне дейін қозғағам жоқ. Кімнің кім екенін өмір көрсетер деп, істі Арал жайынан бастадым, зардап шеккен елдердің ауыр тұрмысын көзіммен көріп, дұрыстап біліп алғым келді. Істің насырға шауып бара жатқанын көрдім. Теңіз жағалаудан көп алыс кетіп қалыпты, балықшылар жұмыссыз қалған, бұрынғы көк теңізде шалқып жүрген ақ кемелер адам шошырлықтай күйге еніп, қаңқалары ырсыып, құмда қалыпты.

Электр қуаты жетіспейді екен, жолдар нашар, көптеген совхоздарда Минводхоз аяқтамай кеткен жұмыстар ұлан-ғайыр. ТЭЦті ұлғайтуды қолға алып, жол салу жұмысын төрт есе көбейтуді Ташкентпен келістік. Жол мәселесімен айналысатын министрді талай жерге ертіп барып, жұмыстың нақтылы мерзімдерін белгіледік, бұл шаруаны алғашқы бюроға қойдық. Бұл шешім үлкен қолдау тапты. Екі жылда барлық дұрыс жолы жоқ совхоздарға дейін асфальт төселді. ТЭЦтің жыл сайынғы қуатын көбейтіп, көптеген жылдарға жетердей энергия қорын жасадық. Тағы бір үлкен шаруа – сиыр фермаларын ретке келтіру қолға алынды. Онда «қосып жазу», жоқ сүтті «бар» деп көрсету етек алыпты. Кей аудандарда үкіметке өткізілген сүттің 30 пайызы ғана нақтылы сүттей тапсырылып, қалғаны «қағаздан сауған» сүт болып тіркелген. Оған қоса, жалпы бұл елде жылқы малы аз, көбіне сиыр етін қадір тұтады, бала көп, сүт те, сиыр еті де жетіспейді. Бастапқы жұмыс осындай аса «асқынған жараларды» емдеуден басталды. Ақиқат пен өтіріктің арасын айыру көп күшке түсті.

Одақтың кезінде қай жерде де қосып жазу үлкен етек алған еді. Кей салаларда, тіпті, үкімет ие бола алмастай көлемде еді. Ал автокөлік саласындағы былық-шылық та жетерліктей-тін.

Мәселелердің үлкені – ауызсудың тапшылығы, ел тұрмысының мүшкіл халі. Ауызсудың тапшылығы сондай, Нүкістің өзінде су тазартқыштың мүмкіндігі аз ғана екен, ол қала халқының 20 пайызын ғана қамтыды. Бір жылдың ішінде қаланы толық қамтамасыз етіп және қаланың қасындағы Халқабат дейтін шағын қалашыққа таза су жеткізілді. Тахияташ және Түйемойын су тазартқыштарының қуаттары бүкіл елге жетердей болды. Ол су тазартқыштардан барлық аудандарда су құбырлары, үлкен су жүйелері салынды. Тындырған істің бір үлкені – табиғи газбен қамтамасыз етуді 12 пайыздан 85-ке жеткізгеніміз шығар. Бұл сол кезде ешбір жерде жоқ жетістік еді. Газдандыруға ақша тапсақ та, жобасын жасату қиынға соқты, сол үшін арнайы Ленинградқа кісі жіберіп, басшыларымен сөйлесіп, жоба мәселесін жеделдеттік, міне, біздің жұмысымыздың сыры да осында еді. Отын, көмір жоқ ел үшін газ дегенің жұмақ орнатқанмен тең болды.

Бұдан басқа да көптеген жұмыстар істелді. Арал аймағындағы аудандар және Нүкістің қызметкерлері мен жұмысшыларына үстеме еңбекақыға қол жеткізу қуаныштың үлкені болатын. Аралды сақтап қалу, адамды сақтап қалу арпалысы қызу түрде жүрді. Біз ең әуелі адамды сақтауға күш жұмсадық.

Арал қасіретін бүкіл әлемге таныттық. Американың вицепрезиденті Альберт Гор да келіп, танысып кетті, ол кісі бұл үлкен қызметінен бұрын да әлемге әйгілі экологтардың қатарында болатын. Соның арқасында Арал мәселесіне АҚШ үкіметі айтарлықтай жәрдем етті. Сондай қызу жұмыстар жүріп жатқан кезде менің қасыма келіп, қызмет етуге тілек білдірген қазақ пен орыс аз болған жоқ. Мен олардың ешқайсысына да мақұл демедім. Бар істі аз-кем болса да сол елдің өз азаматтарымен тындырдық.

1996 жылы Арал мәселесі бойынша жол түсіп, қазақстандық біраз азаматпен барып қайттым, сонда елдің алғысын естідік, соның бәрі бойыма рухани азық, күш-қуат берді. Арал мәселесімен әлі де қол үзбей айналысып жүргенім де қарақалпақтың ауыр жағдайын білгендігімнен шығар. Ол елге жаным қатты ашиды. Еңбекқор ел, кішіпейіл, бауырмал халық. Соның бәрін «Қарақалпақ» дейтін поэмада жаздым. Басталған келелі істер аз емес, лайым солар тоқырап қалмаса екен деп алыстан тілеулестігімді білдіремін.

– **Орыстың кейбір тарихшы, журналист-жазушылары Кремль төңірегіндегі лауазымды басшыларға қатысты әрқилы оқиғалар мен фактілерді жазып жатады. Жазылмай, айтылмай жүрген сондай оқиғалар есіңізге түспей ме?**

– Кремль төңірегіндегі өзім көрген ақылды да айбарлы, білікті де жүректі, адуынды да бір лауазымды кісі бар, ол – Егор Кузьмич Лигачев. Менде кейде осы бір адал адамның адалдығы ашылмай қалды деген ой туады. Кезінде Олжастың көптеген кітаптарын менен алып оқып, пікірлескенде менің оған: «О. Сүлейменов ешқандай ұлтшыл емес, ол сирек талантты, тамаша ақын, қорғай көріңіз», дегенім бар. Кейін кабинетінде бір шаруамен

жолыққанда: «Какимбек Салыкович, вы правы, Олжас Сулейменов великий поэт», – деген пікір білдірді. Сол арада мен ол кісіден: «О. Сүлейменов жайлы әңгіме біткен жоқ па? Неге қайта кірістіңіз?» – деп сұрағанымда: «Дұрыстап жазаланбады дейтіндер бас көтеріп жүр. Оның бәрін тоқтатамыз», – деді. Мен оның мұндай адалдығына қуанып қалдым. Тектілігі де, тентектігі де бар адам, кейде алған беттен қайтпайтын қайсарлығы да болатын. Оның әйгілі «Борис, ты не прав!» деген сөзін кейбіреулер күлкіге айналдырып жүрді ғой. Өз басым, көрген істі айтсам, Қарақалпақстанға келіп, Арал төңірегін ерінбей, жалықпай, мұқият аралап, ақыры Саяси Бюроның Аралды қорғауға арналған қаулысын шығарып бергені үшін Е.К.Лигачевке алғыс айтар едім. Жабулы қазанның бетін ашып, сол кезде көрсеткен көмегі зор болды. Саяси Бюроның бұл қаулысынан кейін Қарақалпақстанда арнайы «Аралводстрой» тресі ашылды. Үкіметте оң көзімен қарай бастады. Мұндай жақсылықты ұмытпау керек. Ал Лигачевтің басқа мәселелерінде шаруам жоқ. Қазір де мемлекет қайраткерлерінің ішінен Аралды қорғауға бел шешіп, білек түріп кірісетін сондай бір кісі табылса құба-құп болар еді.

Мәскеуде ұзақ тұрып, ескерілмей жүрген айтулы отандастарымыз да баршылық, оның бірі – Нұртас Оңдасынов ағамыз.

– Осыны істей алмадым-ау, деп өкінген жеріңіз болды ма? Қандай нәрсеге қуанасыз?

– Атам қазақ: «Өткен іске өкінбе» деген. Бұл – философиялық пайым түсінік. Өткенге өкінгеннен пайда жоқ. Бірақ өткеннен сабақ алу – парыз. Кеште болса Жаратқан Ие бізге бостандық, тәуелсіздік берді. Мен соған қуанамын. Ертеңге үмітпен қарайтын елім, қойнауы қазынаға толы жерім, көреген көшбасшым бар. Сондықтан келешектен үмітім зор. Біз әлі-ақ әлемдік өркениет көшіне еріп, теңесіп кетеміз.

Әңгімелескен Әшірбек АМАНГЕЛДІ.
1999 жыл, қаңтар